

ҒТАР 17.07.41

Ғылыми мақала

А. Турсынбаева¹, Х.А. Шимшек²¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан²Кастамону университеті, Кастамону қ., Түркия(E-mail: ¹aigul_73kz@mail.ru, ²simsekahmet@kastamonu.edu.tr)**Абай қарасөзіндегі «толық адам» идеясы**

Аңдатпа. Қазақ рухани мәдениетінде поэзияның алатын орны ерекше. Адам және қоғам өмірінің ең көкейтесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған, өмірге қажетті құндылықтарды егжей-тегжейіне жеткізе талдап, жіктеп беретін поэзия болды.

Бұл мәселеде Абай поэзиясының орны ерекше. Абай поэзиясының тілі, шеберлігі, мазмұн тереңдігі, астары сайын далада тарап жатқан поэтикалық шығармалардан басқаша, өзгеше болды. Жай көзге ашыла қоймайтын адам табиғатының тылсым сырларын өте терең бейнелегені соншалық кейбір өлеңдерінің мән-мағынасын абайтанушылар әлі де талдау үстінде. Абай өлеңдерін бірден толық түсіне қоюдың оңай емес екендігін кезінде Ахмет Байтұрсынов атап айтқан еді.

Түйін сөздер: Абай, ақын, қарасөздер, таным, толық адам

DOI: <https://doi.org/10.71078/ympaje44>

Түсті: 09.08.2025; Мақұлданды: 29.09.2025; Онлайн қолжетімді: 3.10.2025.

Кіріспе

Поэзиялық туындыда бейнеленген өмір шындығынан, сол шындықтан туындайтын сезім-әсерлер әлдеқайда маңызды. Шын мәнінде, Абай өлеңдерін біреулерді сынау үшін жазған жоқ. Ішкі сезімдерін тербетіп, санасын, арын, жүрегін қозғап түзету үшін жазды.

Абай дүниетанымын толық талқылағанда екі түрлі таным, талдау принциптерін ұштастырып бірге қолдану шарт. Біріншісі, тарихи нақтылық принципі, яғни, Хакім еңбектерін туғызған заман, әлеуметтік орта, саяси жағдайлармен байланыста қарастыру; екіншісі – қазіргі заман сұраныстары тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақ ұғым-түсініктері, құндылықтарымен, идеалдарымен үйлестікте тіркестіре қарастыру. Себебі, Абай мұрасы өткінші құбылыс емес.

Абай шығармашылығына терең бойлап кіру үшін тағы да бір қажетті нәрсе – концептуалдық көзқарас. Хакімнің өлеңдері болсын, немесе «Қара сөздерін» алайық, бәрінің өзегі – адам мәселесі, тұлғаның қырлары мен сырлары, арманы, мақсаты, ақылы, жүрегі, қаракеті. Ондай концептуалдық көзқарас, философиялық әдіс – экзистенциализм. Бүкіл Абай поэзиясы экзистенциалдық сарында жазылғандықтан оны талдап, жіктеу де, толық түсіну де осы әдістің ұғымдары мен түсініктері негізінде өтуі қажет.

Абайдың шығармашылық келбетін, дүниеге деген көзқарасын айқындаған үш қайнар көзі туралы өткен отызыншы жылдардың өзінде-ақ М. Әуезов көшелі пікір қалдырғаны есімізде. «Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны» атты еңбегінде заңғар классик былай деген: «Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды. Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған баспа жүзінде сақталып келген

қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы... Ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы, үшінші арна – орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті» (Әуезов, 1997: 159).

«Гете мен Абай» атты құнды эссе-еңбек жазған Г.К. Бельгер Абай поэзиясының терең философиялық қасиеттерін аша отырып, «Гете және Шығыс», «Абай және Батыс» деген тақырыптар өздерінің зерттеушілерін күтіп тұр дейді. Абай ұлы данышпан. Жол бастауы М. Мырзахметовтың «Абай және Шығыс», А. Машановтың «әл-Фараби және Абай» атты еңбектерімен ашылса керек. Әйтпесе, Абайдың өзі атап көрсететін Шығыстың ұлы ғұлама ақындары Фирдоуси, Низами, Хафиз, Жәми, Сағди, Науаи, Сәйхали секілді алыптардың поэзиясының ізі хакім шығармаларында мен мұндалап тұрған жоқ па? Ендігі бір жерде Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Пушкин, Лермонтов, Гете, Толстой сарындары, ойлау жүйелері де байқалып қалады.

Тәуелсіздік жылдары Абайдың діни-философиялық бағытта жазылған еңбектерінің жұлдызы жаңаша туды. Оның «Қарасөздер» деп аталып жүрген дүниесі қайта оқылып, тереңіне бойлай ашылып, жаңа сырлары мен қырлары қылаң беріп, бүкіл Абай шығармашылығына шынайы сипат беріле бастады.

Зерттеу әдістемесі

Абай қарасөздерін атауға байланысты бірнеше пікірлер болды. 1956 жылы басылып шыққан Х.Ж. Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері» атты монографиясында бұл сөз жеке қарастырылмайды. Автор «өсиет ретінде кеңес сөз үлгісіне (поучение, беседа) жатқызуды жөн санадық» дейді де өтеді (Сүйіншәлиев, 1956: 12). Көбесов «Абай сыры оңай емес» деген мақаласында басқаша пікір білдіреді. Ол былай дейді: «...Бұл еңбекті қара сөз, кеңес сөз немесе қарапайым кәдуілгі «ғақлия» қатарына жатқызудың реті, қисыны келіңкіремейді. Бұған Абайдың өзі қойған «Китаб тасдиқ» атының өзі-ақ жақсы дәлел бола алады. «Тасдиқ» деген араб сөзін «сенім», «растау», «бекіту» деп аударуға болады, сонда бұл еңбек «Сенім кітабы», «Растау немесе бекіту кітабы» болып ғылыми атау алады» (Абай, 1998: 242), яғни, автор қара сөздерді дербес ғылыми педагогикалық шығарма дегенге келтіреді. Мазмұнынан басқа көптеген этнопедагогикалық терминдердің (хакім, ғалым, хауас, хұлық, жауанмәрт, инсаният, нақлия, ғақлия, ғибрат, ишарат және де т.б.) жиі ұшырасуын да тілге тиек етеді. Соңында мынадай топшылау жасайды: «Абайдың бұл бірегей (біртума) еңбегінің түпнұсқасын данышпан бабасы әл-Фараби салып кеткен Шығыстың классикалық педагогикалық трактат (рисалат) деп айтуға негіз бар, өйткені сырттай шолып танысқанның өзінде мұндағы тұнып тұрған педагогиканы байқамау мүмкін емес; (Сүйіншәлиев, 1956: 224).

Абай шығармашылығының ең басты зерттеушісі академик М. Әуезов «Қара сөздерді» түпкілікті сараптаған бірден-бір ғалым. Ол мынадай анықтама береді: «Жалпы алғанда, Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны боп қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стили, мазмұны жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» (Әуезов, 1995: 210).

Сонымен Абай шығармашылығымен нақты айналысқан белгілі төрт ғалымда төрт түрлі анықтаманы кездестіріп отырмыз.

Біреуі, «өсиет ретіндегі кеңес сөз» десе, екіншісі, педагогикалық трактат (рисалат) дейді де, үшіншісі, ойшылдық жүрекжарды сөз, сыр дегенге саяды, төртіншісі, тек Абайға тән көркем сөз түрі дегенге тоқтайды.

Бұл төрт пікірдің төртеуінде де, әрине, тілге тиек етердей терең мағына бар.

Сүйіншәлиевтің өсиет ретінде айтылған сөз деуі, Абай шығармасы қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен әдебиетінде кездесетін Күлтегін, Білге жазба ескерткіштерінен басталатын, кейінірек Майқы би, Төлеби, Әйтеке би, Қазыбек би қалдырған ұлағатты, өнегелі өсиет сөздермен жалғасқан өнердің ең биік шоқтығы, жазба формасы дегенмен бір деп ойлаймыз. Көбесов А. болса, ойын ашық айтып, үндестікті ұлы ғұлама әл-Фарабиден жалпы Шығыс философиясынан тауып отыр.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Көбесовтың пайымдауын белгілі абайтанушы М. Мырзахметов те қолдайды. Абай қарасөзі сияқты өзіндік айрықша ерекшелігі бар тосын құбылыс бұрын-соңды қазақ не орыс әдебиетінің тарихында көрініс бермеген мүлде жаңа құбылыс. Абай қарасөздерін жанрлық тегі мен стильдік ерекшелігін Шығыс әдебиетінде дидактикалық сарында жазылған «намелердің» тәркінімен салыстыра қарау керек тәрізді.

Дегенмен бұл мәселеге де ақырғы нүкте қою әзір ертерек. Абайтану саласында әлі де толық ашылмаған бір құпия бар. Ол ұлы Абайдың ақындық және философиялық кітапханасы. Кейбір деректерге қарағанда Хакім басқа, Каспий бойында өмір сүрген билеуші Кей-Кабустың өз ұлына арнап жазған «Кабуснамасымен» (Насихатнама) таныс болған секілді.

Қайым Мұхамедханов былай дейді: «...Әркім өзінің елінің есею, кемелдену кезеңіне, өмір сүрген уақыты мен ортасына, айнымалы-толқымалы қоғамдық құрылыстарға қарай Абайды әр кез әр қырынан тани түсетіні анық. Бұның себебі неде? Жауап мынау: уақыт өзгереді, ұрпақ ауысады, заман мың құбылады, бірақ формалық жағынан сәл өзгешелеу болмаса, жалпы адамзатқа тән мінез-құлық, өмір сүру заңдылығы, күрес тәсілі, даму, дағдарыс сипаттары сол қалпында қалады» (Құнанбаев, 1968: 3).

А.Х. Қасымжанов Абайдың әйгілі «Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті» деген тезисіне сүйеніп, сөздердің үйлестігін көне түрік дәстүрінен де, манғол дәуірінің ықпалынан да, Еуропа мәдениетінің әсерінен де іздейді. Бұл пікірлерде жаңсақтық жоқ, дегенмен, Абайды тек қазақ халқының немесе тек Шығыс ғұламасы ретінде көрсету қазіргі Абайтану ілімінің ашқан жаңалықтарына сай келмейтін тәрізді. Абай дүниежүзілік алып. Ол жалпыадамзаттық құндылықтармен сусындап, әлемдік философияны терең меңгеріп, исламияттық түсінік деңгейіне көтерілген кісі. Оның «Қара сөздерінің» дені адами қасиеттерді уағыздап, адамшылық кәмелет табудың басты жолдарын ашу. Құран кәрім мен пайғамбар хадистеріндегідей бас тақырыптар – шын имандылық, Алланы тану, оны мейлінше сүю, оған барынша ұқсау, еліктеу. Толық адам түсінігі адами қасиеттермен байланыстырылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жалпы адам болу, жақсы адам туралы концепция жасауға ынта әр заманда болған. Бұл мәселені барлық ғұламалар басты назарына алған және ортақ таным межесі болған. «Адам» ұғымын белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруге көш басы болған философ – Сократ, Сократтан басталатын Платон, Плотиндердегі сүюші сүйеніш, тірек еткен адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі *камили инсани* мен *пенделіктің кәмалаттығына* ұмтылған адам және Ирандағы *жауанмәрттілікпен* сабақтасып, туыстасып жатады. Ибн-Араби өз шығармаларында «кәмелетті адам» туралы концепция жасауға ынталанған. Ясауидің кемел адамы, әл Фарабидің бақытты адамы, Абайдың толық адамы, Шәкәрімнің арлы адамы. Кешегі кеңес дәуірінде «жан жақты жетілген адам» концепциясы жасалды. Жақсы кісі кім, немесе қандай ісі арқылы адам жақсы атанбақ, – деген сауал әр заманда қойылатын аса келелі мәселе.

Бұл мәселеде, Абай ілімінің мінсіздігі дау тудырмайды. Адамның өзін-өзі тану

жөніндегі пікірлері қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай ғана бұл мәселеге терең бойлап кіре алғанын көрсетеді. Абай қарасөзінде «жан құмары», «жан қуаты», «жан азығы» және де осы іспеттес экзистенциалдық сарындағы ойларын зерделегенде «жан қуаты деген қуат бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарда уақыт сиғызбайды» деп ескертуінде ерекше себеп бар. Бұл пікірде Абайдың өзін-өзі тану жөніндегі ілімнің арғы-бергі тарихымен таныстығы байқалатындығы былай тұрсын, өз тарапынан сараптамақ болған пікірлерін кең түрде көсіле еркін жазып, тереңінен жеткізе алмағанына өкінетіндей сарын бар.

Жан қуаты жөнінде Фараби келтіретін философиялық түсініктер Абайдың жетінші, он жетінші, жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық үшінші қара сөздерінде дәл сол түпнұсқада немесе қазақи ұғымға сай балама сөздермен берілуі кездейсоқ жағдай емес. Жалпы Абайға тән қасиет, ол басқа философтар мен ғұламалар қолданған ұғымдарды қаз-қалпында қолданбай, көп жерде өз заманындағы оқырмандарының пайымына, ой-өрісіне лайықты, ана тілдегі баламалы сөздерге еркін де батыл ауыстырып отыратындығында.

Абай шығармаларында (он төртінші, он жетінші) қара сөздерінде арнайы әңгіме болып, көп қарастырылған ақыл, қайрат, жүрек туралы экзистенциалдық мағынадағы ойларының бастау көздерін Фарабиден кездестіреміз. Абай он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек туралы пікір білдіргенде: «Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. – Осы үшеуің бір кісіден менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдайтағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы-депті» (Құнанбаев, 1968: 67).

Осы жердегі Абай сілтеп отырған ғылымы қай ғылым, кітабы қай кітап? – деген сұрақ туады. Біздің ойымызша, ол ғылым-философия ғылымы, ол кітап Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактаты». Осы еңбекте жан деген түсінік өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны болып бөлінеді. Адам жанына талдау жасағанда, жүрекке үнемі шешуші мән беріліп, ерекше дараланып көрсетіліп отырады. Жан қуаты тарабындағы танымға бұлайша қарау Аристотельден бастау алған перепатетиктер мектебіне тән нәрсе.

Бізге қажеті Фараби мен Абай ой іліктестіктері. Әл-Фараби: «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді. Бұдан кейін мый келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» (Әл-Фараби, 1973: 289) десе, Абай: «Сонда ғылым үшеуінің сөзін тыңдап болып айтыпты... Сен үшеуің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. – Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің көп қырыңа жүрмейді» (Құнанбаев, 1968: 166) осы сөздерден екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екенін тек баяндау жолы өзгешелеу екенін байқаймыз. Екеуі де өз таным-түсініктерінде жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны бүкіл ізгілік, рахым, шапағат атаулының қайнар көзі, тұрақты мекені деп таниды.

Абай аса көп көңіл бөлетін адамгершілік философиясы да осы танымға сүйенеді, негізделеді. Бұл философия Фарабидің ең басты әлеуметтік трактатындағы адамның жеке басының ең кемелденген үлгі-өнегесі жайлы танымының негізіне дөп келеді. Өзі армандаған асыл мұраты – «адам болам десеңіз» қағидасын да ақын осы жүрекке әкеліп тірейді. Абай түсінігінде әділет шапағаттың шығар көзі – жүрек болғандықтан: «жақсылыққа елжіреп еритұғынмен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғынмен, әділет, нысап, ұят, рахым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не?» – деп, қасқайып тұрады. Сонымен, Абай танымында ақыл да, қайрат та, екеуі де жүректің ізгілікті ісіне ғана қызмет етуде борыштар. Абай

жүректің туын көтеріп, оған зор мән бергенде, оның адамгершілік мағынадағы тетігіне сүйеніп отырады. Абайдағы осы ойдың да негізін біз тағы да Фарабиде кездестіреміз. Себебі, Фараби ақыл жүректің, ізгілікті көздеген әрекетіне ғана қызмет етуі тиіс деп білгендіктен: «жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету тек қана мыйға тән қабілет» деп жазып, қайтара ескертеді (Фараби, 1973: 290). Екі ойшыл философиясындағы мұндай үндестік кездойсоқ нәрсе емес, бұл дүниетанымдағы, көзқарастағы өзектес келген бірліктің негізінде жатыр.

Демек, Абайдың «ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген ой-тұжырымын «қазақ халқының өмірлік философиясы» деп түсінуіміз қажет. Шындығында солай. Ақыл жаратушының нұры, адамға берген баға жетпес нығметі. Ақылсыз мәдениетте, ғылымда, өнерде жоқ. Нұрлы ақыл мен ыстық қайратты қатар ұстағанмен, олар жылы жүрекке бағынуы керек. Жүрек деген мейірімділік, ізгілік. Мейірімсіз қайрат, мейірімсіз, нұрсыз ақыл қайда бастамақ? Әсіресе, қазіргі қоғамның өзекті мәселесі, ар ойламай пайда ойлап кеткенде, жүрек қайда қалады?

Абай жақсы адам деп, жоғарыда айтқандай, үш қасиетке ие болған жанды айтады. Қайратты, ақылды, жүректі адамның ісі толық болмақ. Жақсы адамның бойынан осы үш қасиет бірге табылуы керек. Сонда толық боласың елден ерек. Абай түсінігінде толық адам рухани бай, әділ, кісілік қасиетке ие, хақ жолындағы азамат. Осындай адам ғамалус-салих жолындағы адам. Яғни ол ізгі іске әзір жан. Ізгілік тек сана емес, сөз емес, ол харекет, ол қайырымды іс. Ізгілікті айқындаушы адамның харекеті, ниеті, пейілі. Ізгілікті адамның сөзі мен ісі бір. Ғамалус-салихты Абай осы мағынада түсіндірген. Жүректің көзі ашылса, хақтың түсер сәулесі, көңілден кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі деуі нағыз сопылық таным.

Хақім дертті аурудан айығу үшін адамның көңілі ашық, жүрегі кең, мінезі мекем, ниеті адал болуы жолын көрсетті. «Ниет түзелемей, пейіл өзгермейді» дейді ата-бабамыз. Түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді дейді.

Дұрыс, адал Ниеттен туындайтын ізгі істің түбінде әділеттілік ақиқат жолы жатыр. Қай заманда болмасын, адамға да, қоғамға да қажетті құнды дүние осы әділеттілік. Абай әділеттілік жолындағы адамды, жақсы адам, толық адам, ізгілік жолындағы адам ретінде көрсетеді. Ал заман ауысуымен, қоғамға келген өзгерістерде заманында, адамдар ісінен ізгілік табу өте қиынға соқты. Адамшылықтың қарапайым қағидалары сақталғанымен, ізгілікті істер өз арнасында, толыққанды болмады. Қоғамдағы әділетсіздік, зұлымдық, адам табиғатына жат әрекеттер ізгілікті істерден ауытқытатын негізгі дерттерге айналды. Бұл сұрақтың қазіргі қоғамдағы маңыздылығы осында.

Абай ары қарай өзінің толық адам туралы ойларының негізін жәуанмәрттілікпен ұштастыра қарайтындықтан: «Белгілі жәуанмәрттілік үш хаслат бірлан болар деген: сиддиқ, кәрәм, ғақыл. Адам болудың бұл үш сипаты: ғылым (ақыл), рахым (шафағат), әділет (ғадалат) тәрізді қасиеттерді жас ұрпақтың бойына толық дамытқанда ғана оның аты – Абай сөзімен айтсақ толық *инсанияты* бар немесе *камили инсани* бола алмақ» (Абуов, 1997: 27), – деп Мекемтас Мырзахметов Абайдағы «адам» ұғымына байланысты терең мәнді ұғымдардың ара-жігін ашып береді.

Яғни, «Адам өмірінің мақсаты – жетілу және кемелдену». Бұл әрбір адам үшін ең маңызды рухани қайнар көз және қойылатын басты талап. Демек, өмір сүру мәнінің өзі адамның адамдығының формуласы. Адамша өмір сүру, ғұмырың өз арнасында деген сөз. Ал, адамша өмір сүрмеу, адамдықтан кетіп, тіршілікке тірек бола алмау.

Адамзат ұлан ғайыр байтақ әлемнің бір кішкентай бөлшегі болса да, жан иесі Жаратушыға қайту жолында көптеген белестерден өтеді. Бұл белестерді Абай үш сатыға

бөледі. Абай жетілу жолында бір сатыдан екінші сатыға, бір деңгейден екінші деңгейге көтерілу үшін екі шарт керек екенін көрсетеді: біріншісі, адамның жетілуге ынта-жігері болса, ал екіншісі, жетілу деңгейіне көтерілу үшін жасалған мүмкіндік.

Біріншісі – ең төменгі саты, жарым адам. Бұл төменгі сатыдағы адамдар, өмірдің күнделікті қызығымен, күндіз-түні тән құмарын іздеп жүргендер. Бұл адамдар нәпсілерінің толық ықпалында. Оларды Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде «жарым адам» деп атайды. Алланың разылығы, адамзаттың парызы үшін емес, тек қарақан басының қамын күйттеген жандар. Абай өзінің 2, 6-қара сөздерінде осындай адамдардың қасиетін білдіреді. Малдан басқа білері, тіпті мал табуға қаракеті де жоқ, адал еңбекпен шұғылданбайтын, ғылым-білімге құлқыны жоқ, қайырымсыз, өтірік айтып, өсек-аяңды күйттейтін мұндай жандарды ойшыл малдан айырмашылығы жоқ деп есептейді. Өнер үйренуге құлқы жоқ, еріншіектіктің елінен бойын аулақ сала салмайтын талапсыз, жігерсіз, мақтан сүйер адамды жарым деген ой түйеді.

Екінші сатыдағыларды Абай *адам* деп атайды. Адам мақсаты – өзін-өзі толық танып, өзіне есеп бере алатын, өзіне сыни көзбен қарай алатын, адамдықтың шыңына жеткен адам. Өзін-өзі танудың шыңы – Абай ілімі бойынша өзінің рухани болмысын тану. Сонда ғана Абай көрсеткен адамшылық «адам адамға дос» деген қағидасын іске асыруға болады. Абай бұл деңгейдегілерге әділеттілік, адамға адалдық, мейірімділік, қамқорлық, достық тәрізді адамшылық шарттарын молынан үйлестіреді.

Жетілудің ең соңғы сатысы – рухани жетілу. Толық адам. Бұл сатыдағы адамның мақсаты – санасын рухани деңгейге көтеру. Бұл сатыға өте сирек адамдар, Абай толық адам қатарына, кәміл мұсылманды, хакімдерді, әулиелерді және пайғамбарларды жатқызады. Егер де туған, тәрбие алған ортасы рухани жағынан жетілген болса, онда адам ең жоғары, рухани кемелдену сатысына тез көтеріледі.

Бұлар өзін-өзі танудың шыңына жетіп, өздерін Алла тағаланың құлы деп танып, Аллаға деген махаббатын шыңдап, өмірлерін соған толық сәйкестендіргендер. Екінші сатыдағылардың мақсаты – жұмаққа көтерілу болса, ал бұл үшінші сатыдағылардың мақсаты – рухани әлемге, өз Иесіне қайту. Алланы шексіз сүю. Абай «Ынталы жүрек, шын көңіл, өзгесі Хаққа жол емес» деп рухани жолдағы бірінші шарт – адамның құдайға деген ынтасы, екінші шарт – оның құдайға деген шын көңілі, яғни таза көңілі, өзгесі Хаққа жол емес деп анық айтады. Бұл құдайға толық берілу деңгейі.

Әрбір сатыдағы адамдардың деңгейлері әртүрлі болып келеді. Олардың жетілу дәрежелері: санасы, мінез-құлық, ой-өріс, ниет-пейілдері, ақыл-естеріне байланысты іс-әрекеттері, өмір мақсаттары, өмірлік ұстанымдары да әртүрлі болады. Адамның бір деңгейден екінші деңгейге көтерілуі оның болмысының сапалық өзгерісін, парасат деңгейін, санасының өзгеруін көрсетеді. Ол неғұрлым жоғары сатыға көтерілген сайын, оның санасы, рухани тазалығы солғұрлым жоғары болмақ. Өмірде адамның жетілу деңгейін сырт көзге анықтау оңай емес. Бұл жан мен тәннің күресінің көрінісі. Бұл күрес күнделік өмірде толассыз жүріп жататындықтан бір күннің ішінде адам бір сатыдан екінші сатыға ауысып отыруы мүмкін. Өйткені адамның иманы да әлсіреп, күшейіп отырады. Мақсат сол жоғары сатыларда ұзағырақ ұстанып, бекінуде.. Абай мұрасын осылай жүйелеу арқылы адам санасының жетілу, кемелдену сатыларын көре аламыз. Бұл Абай ұлылығының бір көрінісі.

Енді осы, әрбір сатыға көтерілу үшін Абай, адам жасауға тиісті әрекетерді көрсетеді. Абай көрсеткен төменгі сатыдан *жарым адамнан* көтеріліп, келесі *адам* сатысына көтерілу үшін керек бірінші қадам – білім алу, іздену, әрекет жасау. Бірінші қадам болмаса екінші қадамның болмайтыны тәрізді, білім болмаса жетілу де жоқ.

Қорытынды

Абай тағлымынан қазақ халқының өмірлік философиясын іздеу, «толық адам»

концепциясының маңыздылығын ұғыну және Абайдың көрсеткен жолмен жүріп, ғұмыр кешу әрбір қазақ үшін басты құндылық болуы тиіс. Абай мұрасы арқылы заманауи қазақи философиялық ұғымдар жүйесін көрсетіп, өмірімізге ендіру зиялы қауымдар үшін басты міндет болуы тиіс. Абай өз туындыларында шын ақыл мен салқын сананы іске қосу арқылы туындаған барлық мәселелердің шешімін де көрсетіп берді. Абай әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Жаратылысқа сүйіспеншілік, өмірді сүйу, адамзатты сүйу, жастарды білім шақыру – Абай мұрат еткен дүниелер бүгінгі күннің басты мәселелері.

Абай мұрасы – ілімді ұрпақ, білімді азамат тәрбиелеуде өз өзектілігін, мәнін жойған жоқ. Ол біздің дәуірлеп дамыған мемлекетіміздің, білім саласындағы дамуымыздың моделі сияқты, Абай моделі. Бұл дүниежүзіне барша адамзатқа үлгі боларлық модель. Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп, айтқан афоризмі бүкіл адамзат үшін құндылықтың шырқау шыңы. Сондықтанда Абай әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Хакім Абай мұрасы – қазақтың қазақтығын әлемге танытатын нағыз рухани бренд, елдің имиджі.

Әдебиеттер тізімі

- Абай және қазіргі заман. (1998). Алматы, Ғылым.
Абуов, А.П. (1997). *Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясави*. Алматы, Институт философии и науки.
Әл-Фараби. (1973). *Философиялық трактаттар*. Алматы, Ғылым.
Әуезов, М. (1995). *Абай Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар*. Алматы, Санат.
Әуезов, М. (1997). *Абайтану дәрістерінің дереккөздері*. Алматы, Санат.
Құнанбаев, А. (1968). *Шығармаларының толық жинағы* (Т. 2). Алматы, Жазушы.
Мұхамедханов, Қ. (1995). *Абай мұрагерлері*. Алматы, Атамұра.
Сүйіншәлиев, Х. Ж. (1956). *Абайдың қара сөздері*. Алматы, Жазушы.

References

- Abai and the present time*. (1998). Almaty, Gylym Publishing.
Abuov, A.P. (1997). *The worldview of Khoja Ahmed Yasawi*. Almaty, Institute of Philosophy and Science.
Al-Farabi. (1973). *Philosophical treatises*. Almaty, Gylym Publishing.
Auezov, M. (1995). *Abai Kunanbayev: Monographic studies and articles*. Almaty, Sanat Publishing.
Auezov, M. (1997). *Sources of Abai studies lectures*. Almaty, Sanat Publishing.
Kunanbayev, A. (1968). *Complete works in two volumes* (Vol. 2). Almaty, Zhazushy Publishing.
Mukhamedkhanov, K. (1995). *The heirs of Abai*. Almaty, Atamura Publishing.
Suinshaliev, H. Zh. (1956). *The prose works of Abai (Kara Sozder)*. Almaty, Zhazushy Publishing.

A.Tursynbaeva¹, H.A. Şimşek²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

²Kastamonu University, Kastamonu, Türkiye

(E-mail: ¹aigul_73kz@mail.ru, ²simsekahmet@kastamonu.edu.tr)

The Idea of the “Perfect Man” in Abai’s Prose

Abstract. Poetry occupies a special place in Kazakh spiritual culture. It addresses the most pressing, complex, and significant issues of human and social life, thoroughly analyzing and

classifying values essential for existence. In this regard, Abai's poetry has a unique position. His language, artistic mastery, depth of content, and subtle meanings distinguish his works from other poetic creations that spread widely across the steppe. Abai depicted the mysteries of human nature so profoundly that some of his poems are still being interpreted by Abai scholars. Moreover, Akhmet Baitursynov once emphasized that it is not easy to fully grasp Abai's works at once.

Keywords: Abai, poet, prose, cognition, perfect man.

А.Турсынбаева¹, Х.А. Шимшек²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан.

²Университет Кастамону, г. Кастамону, Турция

(E-mail: ¹aigul_73kz@mail.ru, ²simsekahmet@kastamonu.edu.tr)

Идея «совершенного человека» в прозе Абая

Аннотация. Поэзия занимает особое место в казахской духовной культуре. Она затрагивает наиболее актуальные, сложные и значимые проблемы человеческой и общественной жизни, подробно анализируя и классифицируя жизненно важные ценности. В этом отношении поэзия Абая имеет особое значение. Его язык, художественное мастерство, глубина содержания и подтекст отличаются от других поэтических произведений, распространившихся в степи. Абай настолько глубоко раскрыл тайны человеческой природы, что некоторые его произведения до сих пор анализируются абаеоведами. Ахмет Байтұрсынов также отмечал, что постичь творчество Абая полностью и сразу — нелегкая задача.

Ключевые слова: Абай, поэт, проза, познание, совершенный человек

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрсынбаева А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1900-2685>

Шимшек Х.А. – PhD, доцент, Кастамону университеті, Кастамону қ., Түркия. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1423-2120>

Information about author:

Tursynbayeva A. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1900-2685>

Şimşek H.A. – PhD, Associate Professor, Kastamonu University, Kastamonu, Turkey. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1423-2120>

Сведения об авторе:

Тұрсынбаева А. – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1900-2685>

Шимшек Х.А. – PhD, доцент, университет Кастамону, г. Кастамону, Турция. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1423-2120>